

«БЕКІТЕМІН»

«ШҚО кәсіптік білім беру

орталығы» КММ директоры

Г. Елемесова

«29» 11 2024 ж.



**Пневматикалық винтовка атудан техникалық және кәсіптік білім беру  
ұйымдарының студенттері арасында өтетін  
«Мерген-2024» облыстық турнир  
ЕРЕЖЕСІ**

Өскемен қаласы, 2024 ж.

## 1. Жалпы ережелер

1.1 Осы ереже «Мерген-2024» облыстық турнирінің мақсаты мен міндеттерін, өткізу мерзімдері мен тәртібін, қатысушылар құрамын, қорытындыларды шығару және жеңімпаздарды марапаттау тәртібін айқындайды.

1.2 Турнирді ұйымдастырушылар: «Шығыс Қазақстан облысының кәсіптік білім беру орталығы» КММ, «Өскемен көпсалалы технология колледжі» КММ.

1.3 Турнирге қатысушылар - ШҚО Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері.

## 2. Мақсаты мен міндеттері

2.1 Мақсаты: студенттерге патриоттық тәрбие беру және мергендік дағдыларын меңгеру деңгейлерін жетілдіру;

2.2 Турнирдің міндеттері:

- колледж студенттері арасында достық, ынтымақтастық қарым-қатынасты нығайту және дамыту;

- әскери-қолданбалы спорт түрлерімен айналысуға жас ұрпақты тарту;

- пневматикалық мылтық ату спортын насихаттау және дамыту;

- салауатты өмір салтын насихаттау;

- өскелең ұрпаққа қаруға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

## 3. Конкурсты ұйымдастырушылар

3.1 Турнирді дайындау мен өткізу процесін үйлестіретін ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады, оның құрамына: бастапқы әскери және технологиялық даярлық жөніндегі ОӘБ төрағасы кіреді;

3.2 Ұйымдастыру комитеті турнирді өткізу тәртібі мен мерзімдерін бекітеді, қатысушыларды бағалау өлшемшарттарын әзірлейді, БАҚ-та ақпарат таратуды ұйымдастырады;

3.3 Қатысушылардың жетістіктерін бағалау және жеңімпаздарды анықтау үшін конкурстық комиссия құрылады.

## 4. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібі

4.1 Турнирге облыс колледждерінің 3 студенттен (2 ұл, 1 қыз) тұратын командалары қатысады.

4.2 «Мерген-2024» облыстық турниріне өтінімдер, колледждің медициналық қызметкерлері бекіткен анықтамасымен бірге 2024 жылдың **9-17 желтоқсан** аралығында [tipo.metod@mail.ru](mailto:tipo.metod@mail.ru) электрондық поштасына 1 – қосымшаға сәйкес қабылданады.

4.3 Өтетін уақыты: **2024 жыл 24 желтоқсан күні сағат 11.00.**

4.4 Өткізілетін орны: «Өскемен көпсалалы технология колледжі» КММ, Лермонтов көшесі, 50.

## 5. Турнирді ұйымдастыру және өткізу тәртібі

5.1 Турнирге қатысушылар 2-қосымшада берілген техника қауіпсіздігімен танысады.

5.2 Турнир **3 кезең** бойынша өтеді:

**I кезең** - Калашников автоматын толық бөлшектеу және құрастыру - I қатысушы.

**№1 жаттығу.** №13 және №14 норматив бойынша АК-74 автоматын (реттілікті сақтай отырып, тұмсық тежегіш-компенсаторды алып тастауды қоса алғанда) бөлшектеп-жинақтау. Командадан 1 қатысушы бөлшектеп-жинақтайды. Уақыты жеке саналып, алған орыны анықталады.

Норматив №13-АК-74 автоматын бөлшектеу

Нормативтің орындалу шарттары:

1. Оқжатар орнына салынған автомат үстелде жатады.
2. Қатысушы үстелдің жанында, тік, аяқтары иық деңгейінде, қолдарын төмен қалыпта ұстап тұрады.

№13 нормативті орындау реті

Басқарушы «Қаруды жартылай бөлшектеуді-БАСТА» пәрменін береді.

Толық емес бөлшектеу кезінде қатысушы оқжатарды алып, оқтың бар жоғын тексереді. Жабдықтар пеналын қор ұясынан шығарып алады. Реттілікті сақтап сүмбіні, тұмсық тежеуіш-компенсаторды, қабылдағыш қақпағын, қайтармалы механизмді, ысырмалы бекітпе жақтауын, бекітпе жақтауынан және тұмсық бастырмасымен газ түтігін босатып алады.

Уақыт «Қаруды жартылай бөлшектеуді-БАСТА» пәрменінен бастап қатысушының «ДАЙЫНМЫН» деп баяндауымен тоқтатылады

№14 норматив АК-74 автоматын жартылай бөлшектеуден кейін жинастыру.

Нормативті орындау тәртібі

1. Қару бөлшектелген. Механизмдер мен бөліктері үстелде ретімен қойылған.
2. Қатысушы үстелдің жанында, қолдарын төмен ұстап тұрады.

Нормативті орындау реті

1. Басқарушы «Қаруды жинастыруды -БАСТА» пәрменін береді.
2. Жинастыру кезінде қатысушы бөлшектеуге кері ретпен жинастырады.
3. Уақыт «Қаруды жинастыруды-БАСТА» пәрменінен бастап қатысушының «ДАЙЫНМЫН» деп баяндауымен тоқтатылады.

**II кезең** – жеребеге сай, пневматикалық винтовкадан нысанаға ату.

**№2 жаттығу** №9 нысанаға ату (3 оқ тексеру, 5 оқ есептік).

**III кезең** – дротик лақтыру.

**№3 жаттығу** Бір қатысушы 4 метр жерден үш рет лақтырады нысанаға (дартс) дротикті дәлдеп лақтырады, нәтижесі есептеледі.

## **6. Турнирді қорытындылау, жеңімпаздарды марапаттау.**

6.1 Турнирді қорытындылау, командалық есепте жеңімпаздар анықталады;

6.2 Жеңімпаздар I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады, қатысушыларға сертификаттар беріледі.

## Өтінім формасы

№	Мекеме атауы	Команда құрамының аты-жөндері	Жетекшісінің аты-жөні, телефон номері
1		1. 2. 3.	

Басшының қолы \_\_\_\_\_

**Қауіпсіздік ережесі**

1. Жетекшінің пәрмендеріне толық бағынады;
2. Ату алаңында қарудың техникалық жағдайын тексеріп, кемшілігі болса жетекшіге баяндайды;
3. Атуды тек «Атыңдар» пәрменімен бастап, «Атуды тоқтат» пәрменімен аяқтайды;
4. Қаруды оқтау тек ату алаңында орындалады;
5. Қаруды жетекшінің рұқсатынсыз басқа адамдарға беруге болмайды;
6. Нысана маңында адамдар болғанда қаруды қолға алуға тыйым салынады;
7. Тирде қатты сөйлеп, шулап, артық қимылдармен қатысушыларға кедергі келтіруге болмайды.

**Қауіпсіздік ережесімен таныстыру кестесі**

№	Мекеменің атауы	Қатысушылардың аты-жөні	Қолы	Жетекшісі	Қолы
1		1. 2. 3.			
2		1. 2. 3.			
3		1. 2. 3.			
4		1. 2. 3.			
5		1. 2. 3.			
6		1. 2. 3.			
7		1. 2. 3.			
8		1. 2. 3.			
9		1. 2. 3.			